

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ**

**Министерство образования и науки  
Республики Казахстан**



**Қарағанды қаласы**

**2017 жылғы 2-3 қараша**

**Баспасөз хабарламасы**

**Қарағанды қаласында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында қосымша білім беру мазмұнын жаңарту мәселелері талқыланады**

ҚР БҒМ-нің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы **2017 жылғы 3 қарашада** Қарағанды қаласында көркем-эстетикалық бағыттағы қосымша білім беру ұйымдары басшыларының Республикалық үйлестіру кеңесінің кеңейтілген отырысын өткізеді.

Отырысқа білім және ғылым министрлігінің, «Рухани жаңғыру» Бағдарламасын басқару офисінің, Қарағанды облысы заң шығарушы және атқарушы органдарының өкілдері, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру, жоғары және қосымша білім беру ұйымдарының басшылары, үкіметтік емес ұйымдар, ана-аналар қауымдастығы қатысады.

Республикада барлығы - 178 оқушылар сарайлары, үйлері, 188 музыка мектептері, 30 көркемөнер мектептері, 134 өнер мектептері бар, онда 380 629 білім алушы шұғылданады, бұл оқушылардың жалпы үлесінің 12,9% құрайды.

Қосымша білім беру ұйымдарында балалар және жастармен жұмыс жүргізудің жаңа әдістері мен түрлері енгізілуде. Балаларға қосымша білім беруді бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуде маңызды өзгерістер болды: көркем-эстетикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларының мазмұны жаңартылды (80 астам), қосымша білімнің әртүрлі бағыттары, оның ішінде көркем-эстетикалық бағыт бойынша бейнесабактар әзірленді. Қосымша білім беру педагогтері авторлық бағдарламаларды әзірлейді, жеке кәсіби және жеке тұлғалық әлеуетін жүзеге асыра отырып, білім беру саласында әрбір баланың еркін таңдау жасауы үшін жағдай жасайды.

*Пресс-служба Министерства образования и науки Республики Казахстан  
010000, г. Астана, ул. Орынбор 8, 11 подъезд, тел.: +7 (7172) 74-24-14*

*E-mail: [pressa@edu.gov.kz](mailto:pressa@edu.gov.kz)*

Шығармашылық қабілеттерді дамыту және ерте кәсіби өзін-өзі анықтауды қалыптастыру үшін Балалар мен жастардың музыкалық оркестрлері және ансамбльдерінің шеруі, «Алтын қазына» көркем-өнер және сәндік-қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының республикалық көрме-байқауы, «Қазақстан балалары шексіз әлемде!» сияқты іс-шаралар облыстық, республикалық деңгейлерде өткізіледі.

Үйлестіру кеңесінде баланы тұлғалық дамытуға және тәрбиелеуге бағытталған қосымша көркем-эстетикалық білім беруді дамытуға жаңа тәсілдерді ескере отырып, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында қосымша білім беру мазмұнын жаңарту мәселелері талқылану жоспарлануда.

«Тәрбие және білім» бағдарламасының «Дарындылар елі», «Алтын қазына», «Өрле, Қазақстан!» кіші жобаларын жүзеге асыру мәселелеріне ерекше назар аударылады, оларға қатысу балалар мен жастар арасында отандық тарихқа деген қызығушылықтарын дамытуға, негізгі ғылыми-зерттеу қызметі дағдыларын қалыптастыруға керемет мүмкіндік береді.

Үйлестіру кеңесінің аясында «Қосымша білім – ашық әлеуметтік-педагогикалық кеңістік» тақырыбында семинар-практикум өткізіледі. Үйлестіру кеңесінің қатысушылары Қарағанды, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы өз әріптестерінің үздік педагогикалық тәжірибесімен танысады. Қарағанды қаласы Балалар мен жасөспірімдер сарайының, №№ 1, 2 Өнер мектептерінің, №№ 1, 2, 3 Балалар музыка мектептерінің, Шахтинск қаласы көркемөнер мектебінің педагогтері жаңа педагогикалық технологияларды қолдана отырып, ашық сабақтар, шеберлік сыныптар өткізеді.

Үйлестіру кеңесі жұмысының қорытындысы бойынша көркем-эстетикалық білім берудің басым бағыттарын анықтайтын қорытынды ұсынымдар қабылданады.

Қосымша ақпарат алу үшін байланыстар: тел.: **+7(7172)24-93-03, +7(7172)24-93-06**, e-mail: **rumcdo.muz@mail.ru**